

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2021 жылдың I тоқсаны

Жеке тұлғалар депозиттерінің даму қарқыны

2021 жылдың 1-тоқсанында жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өсудің оң тенденциясы жалғасуда, бұл 2020 жыл бойы байқалды. Осылайша, депозиттердің өсуі абсолютті мәнде 2021 жылдың 1-тоқсанында 688,3 млрд теңгені немесе 6.3% құрады (580,8 млрд теңге немесе 2020 ж. 1-тоқ. 6.2%). Нәтижесінде жеке тұлғалардың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі - Жүйе) қатысушы банктердегі депозиттердің жалпы көлемі 2021 жылдың 1 сәуіріне 11,6 трлн теңгені құрады (1-сурет).

Валютаны қайта бағалауды есептемегенде (айырбас бағамы 2020 жылдың соңындағы дәрежеде алынған), 2021 жылдың бірінші тоқсанында жеке тұлғалардың депозиттерінің өсуі 6.0% құрады (2020 ж. 1-тоқ. -1.3%). Елдің ақша массасы құрылымында (ҚРҰБ деректері бойынша) халықтың депозиттері 43.9% құрады (2020 ж. 1-тоқ. 43.2%) (2-сурет). Ақша массасының өсуінің жалпы жылдық көрсеткіштерінде (М3) 01.04.2021 ж. жағдай бойынша 15.9%, халықтың депозиттері 7.7% (2020 ж. 1-тоқ. 6.7%) құрайды (3-сурет).

Сонымен бірге, 2021 жылдың 1-тоқсанында жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерінің өсуі абсолюттік мәнде 700,1 млрд теңгені немесе 10.5% құрады (2020 ж. 1-тоқ. -221,5 млрд теңге немесе -4.1%) (4-сурет).


Өз кезегінде, халықтың валютадағы депозиттері теңгедегі баламада 2021 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша 11,7 млрд теңгеге немесе -0.3% (2020 ж. 1-тоқ. +802,3 млрд теңге немесе 20.7%) азайды және 2021 ж. 01 сәуіріне 4,2 трлн теңгені құрады (3-сурет). АҚШ долларында көрсетілген шетел валютасындағы депозиттердің жалпы динамикасы да төмендеуді көрсетті - 113,6 млн АҚШ доллары немесе -1.1% (2020 ж. 1-тоқ. +270,7 млн АҚШ доллары немесе 2.7%).

Осылайша, біз жалпы экономикалық белсенділік пен халықтың кірістерінің көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін теңгедегі депозиттердің өсу қарқынын байқаймыз. Сондай-ақ, бұл өсім шетел валютасындағы депозиттердің жаппай конвертациясымен бірге жүрмейді, бұған олардың қалыпты динамикасы дәлел.


2021 жылдың 1-тоқсанында халықтың депозиттерінің жалпы өсуіне елеулі үлес қосқан «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) жүзеге асырған (2021 ж. 23 қаңтарынан бастап) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалануға өтінімдер қабылдау бойынша бағдарлама.

Алайда, Қордың пікірі бойынша, осы бағдарламаның нәтижесінде жеке тұлғалардың депозиттері нарығында

1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы




2-сурет. Ақша массасының құрылымы (М3)



3-сурет. Ақша массасының динамикасы (М3) (компоненттердің жылдық жалпы өсімге қосқан үлесі)



4-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымының өзгеріс динамикасы



айтарлықтай «серпін» орта мерзім ішінде уақытша сипатта болады, ал бұл бағдарламаның монетарлық құрамдарға әсері ұзақ мерзімді перспективада белгілі бір деңгейде ынталандырушы ретінде әсер етеді (депозит нарығының потенциалының өзгеруіне әсер етуі).

Жеке шоттардың жалпы саны 2021 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 90,7 млн шоттарды құрады, ал 2020 жылдың сәйкес кезеңінде 70,4 миллион шоттар болды. Сонымен бірге бұл көлемнің 92.1% ұлттық валютадағы депозиттерге тиесілі. Бұл көрсеткіштің өсу тенденциясы айтарлықтай ұзақ уақыт аралығында шоғырланғанын атап өткен жөн. Егер бұрын трендтік мәндерден жоғары өсу басқа факторлармен қатар коронавирус пандемиясына байланысты мемлекет ұсынатын әлеуметтік көмекті аудару мақсатында қосымша шоттар ашу арқылы қолдау тапқан болса, онда 2021 жылдың басынан бастап бұл үрдіс қосымша ағымдағы шоттар ашуды талап еткен, зейнетақы жинақтарын бір реттік пайдалану бағдарламасымен толықтырылды.

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейінгі депозиттер;
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн-нан 50 млн-ға теңгеге дейінгі депозиттер;
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден жоғары депозиттер.

2021 жылдың қорытындысы бойынша депозиттердің сегменттер бойынша құрылымы былайша қалыптасты: бұқаралық сегмент 55.0% (2020 ж. 1-тоқ. 52.5%), орта сегмент 13.3% (2020 ж. 1-тоқ. 11.5%), ірі сегмент 31.8% (2020 ж. 1-тоқ. 35.9%) (6-сурет).

Көрсетілген кезеңде барлық үш сегментте депозиттердің өсімі байқалды: бұқаралық сегмент +6.1% (+369.3 млрд теңге); орта сегмент +15.6% (+208.3 млрд теңге) және ірі сегмент +3.1% (+110.7 млрд теңге) (7-сурет).

2021 жылдың 1-тоқсаны бойынша теңгелік депозиттердің өсіміне қатысты көшбасшылық орынға салыстырмалы көрсеткіштермен орта сегмент ие +27.7% (+210,0 млрд теңге). Одан әрі ірі сегмент +9.6% (+104,9 млрд теңге) және бұқаралық сегмент жайғасқан +7.9% (+385,2 млрд теңге) – ұзақ бақылаулар кезеңіндегі өсудің рекордтық мәндері (8-сурет).


Теңгемен есептегендегі шетел валютасындағы депозиттер үшін 2021 жылдың 1-тоқсанының соңында өсуші сегмент болып ірі сегмент табылады +0.2%. Бұл ретте, АҚШ долларында есептелген шетел валютасындағы депозиттерде жаппай азаю байқалады, оның ішінде бұқаралық сегментте -2.2%; орта сегментте -1.1%; ірі сегментте -0.6% (9-сурет).

Жалпы, сегменттер бойынша бір уақытта шетел


5-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы



6-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің



7-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер



валютасындағы депозиттердің шамалы төмендеуімен бұқаралық сегменттің жалпы өсуінде басымдықпен теңгедегі депозиттердің ұлғаюы байқалады. Жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы динамикасындағы жағдайдағыдай, 2021 жылдың 1-тоқсанында болған құрылымдық өзгерістерге басты әсер банк желісі арқылы тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында халықтың зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігі болды. Осылайша, көп жағдайда Қор кепілдігімен қамтылмаған орта және ірі сегменттердегі өсім уақытша болып табылады, және бұрынғы құрылымға қайта оралу күтілуде.

Шоттар бойынша, 2021 жылдың 1-тоқсанының соңында теңгедегі депозиттер бойынша бұқаралық сегментте айтарлықтай өсім байқалды (+3,3 млн дана), бұл да тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу үшін төлемдер бағдарламасы шеңберінде зейнетақы төлемдерін салу үшін арнайы ағымдағы шоттардың ашылуына байланысты қамтамасыз етілген.

Салымдарды мерзімділік өлшемі бойынша орналастыру құрылымы


2021 жылдың 1-тоқсанының соңына қарай депозиттердің мерзімділік бойынша құрылымы былайша қалыптасты: мерзімсіз салымдар – 63.4% (2020 ж. 1-тоқ. 68.6%), ағымдағы/карт шоттар – 16.2% (2020 ж. 1-тоқ. 12.2%), мемлекет тарапынан субсидияланатын салымдар – 9.9% (2020 ж. 1-тоқ. 8.9%), жинақ салымдар – 6.5% (2020 ж. 1-тоқ. 7.2%), мерзімді салымдар – 3.7% (2020 ж. 1-тоқ. 2.9%), талап етілгенге дейінгі салымдар 0.3% (2020 ж. 1-тоқ. 0.2%) (10-сурет).

2021 жылдың басынан бастап депозиттердің жалпы өсіміне (6.3%; +688,3 млрд теңге) негізінен мерзімсіз салымдар (өсімге үлес қосуы 4.0%), ағымдағы/карт шоттар (өсімге үлес қосуы 1.9%), сондай-ақ сыйақысы мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттер (өсімге үлес қосуы 0.9%) есебінен қол жеткізілді.


Ағымдағы/карт шоттардағы ақша қалдығының өсімінің маңызды көрсеткіштеріне алдында айтылған тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге төлем жасау бағдарламасын іске асыру шеңберінде зейнетақы төлемдерін салу үшін арнайы ағымдағы шоттар ашу арқылы қол жеткізілді.

Мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттердің өсуі «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (бұдан әрі – Отбасы банк) шоттардағы сомаларды жаппай толықтырумен байланысты болуы мүмкін. Мұндай өсім әдетте есепті жылдың соңында болады. Халықтың жыл соңына дейін осы депозиттерді толтыруға деген қызығушылығы алдыңғы жылға ақпан айында төленетін мемлекеттік сыйақы алумен байланысты. Бұл өсім депозиттердің басқа түрлерінің азаюымен қатар жүрмейтіндігін атап өткен жөн, бұл зейнетақы ақшасын Отбасы банктегі жинақ шоттарына тез аударуды немесе


8-сурет. Теңгедегі депозиттер сегменттерінің өзгеруі



9-сурет. Шетел валютасындағы депозиттер сегменттерінің өзгеруі



10-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. теңге



кейіннен ипотека алу үшін банктік жүйеден тыс қаражаттан қосымша толықтыруды көрсетуі мүмкін.

Мерзімсіз депозиттер әлі күнге дейін теңгелік депозиттер құрылымында басымдыққа ие – 53.6% (2020 ж. 1-тоқ. 55.0%), содан кейін ағымдағы/карт шоттар – 20.9% (2020 ж. 1-тоқ. 17.2%), субсидияланған депозиттер – 15.6% (2020 ж. 1-тоқ. 17.0%) және жинақ салымдары – 9.2 % (2020 ж. 1-тоқ. 9.7%) (11-сурет).

Теңгемен есептегендегі шетел валютасындағы депозиттер құрылымында мерзімді және жинақ салымдарының төмендеу қарқынының (-102,9 млрд теңге) мерзімсіз депозиттердің өсу қарқынынан асып кетуіне байланысты (+84,3 млрд теңге немесе 2.5%), 2021 жылдың 1-тоқсанының қорытындылары бойынша жалпы төмендеу байқалады - 11,7 млрд теңге немесе -0,3%.

Орын алған өзгерістер нәтижесінде 2021 жылдың 1-тоқсанының қорытындылары бойынша жалпы депозиттер бойынша тұрақты қор жинау үлесі¹ 1.2 п.т. төмендеді (мерзімді салымдар есебінен төмендеу) және 2021 жылдың 01 сәуіріне 11.3% құрады (2020 ж. 1-тоқ. 11.1%) (10-сурет). Бұл ретте теңгелік қор жинау үлесі 11.6% құрады (2020 ж. 1-тоқ. 12.8%) – БЖЗҚ ақша аударымдарының әсерінен төмендеу және соның салдарынан жоғары мобильді депозит түрлерінің уақытша өсуі (11-сурет).


Салымдардың долларлануы

2020 жылдың 1 тоқсанының басынан бастап долларлану 11.1 п.т. төмендеді және 2021 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 36.3% құрады (2020 ж. 1-тоқ. 47.4%). Сонымен қатар, 2021 жылдың басынан бастап айырбас бағамы бойынша түзетілген депозиттердің долларлануы² 0.3 п.т. төмендеді және 2021 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 36.1% құрады (2020 ж. 1-тоқ. 43.4%). Долларлану деңгейінің төмендеуіне валюта бағамының салыстырмалы тұрақтылығы, сондай-ақ осы кезеңде теңгелік депозиттерге ұсынылатын неғұрлым тартымды шарттар әсер етуде (12-сурет).


Әрбір сегменттің ішіндегі депозиттердің долларлануы 2021 жылғы 1-тоқсанның соңына келесі түрде ұсынылған: ірі сегмент – 67.6% (2020 ж. 1-тоқ. 78.7%), орта сегмент – 37.2% (2020 ж. 1-тоқ. 54.7%), бұқаралық сегмент – 18.0% (2020 ж. 1-тоқ. 24.4%) (13-сурет).

Валютаны қайта бағалауды ескере отырып, депозиттердің сегменттері бойынша долларлануы келесідей: ірі сегмент – 21.5% (2020 ж. 1-тоқ. 28.3%), орта сегмент – 4.9% (2020 ж. 1-тоқ. 6.3%), бұқаралық сегмент – 9.9% (2020 ж. 1-тоқ. 12.8%).

11-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. теңге



12-сурет. Салымдардың долларлануы



¹ Сыйақысын мемлекет субсидиялайтын депозиттерді қоспағанда, депозиттердің қорытындысы бойынша мерзімді және жинақ салымдар

² 2020 жылдың аяғында қалыптасқан айырбас бағамының мәні барлық кезеңдерде валютаны қайта бағалау әсерінсіз мәндерді есептеу кезінде базалық курс ретінде қабылданады.

Долларланудың дәстүрлі жоғары деңгейі (сондай-ақ макроэкономикалық жағдайларға және валюта бағамдарының құбылмалылығына жауап ретінде) 50 млн теңгеден басталатын ірі депозиттер сегментінде сақталуда, бұл тәуекелдерді әртараптандыру мақсатында осы санаттағы клиенттер үшін баланстық құрылымның долларлануының жоғары деңгейіне байланысты. Долларлану ең төменгі 15 млн теңгеден аспайтын бұқаралық сегментте тіркелді. Бұқаралық сегменттегі шетел валютасындағы депозиттердің үлесінің төмендігі, осы сегментте теңгелік депозиттерге ұсынылатын жоғары тұрақты кіріске байланысты.

Мерзімділік критерийлері бойынша ең үлкен долларлану мерзімді депозиттерде – 88.5% (2020 ж. 1-тоқ. 83.4%) және талап етілгенге дейінгі депозиттерде байқалады – 85.6% (2020 ж. 1-тоқ. 66.8%). Долларизацияның ең аз дәрежесі ағымдағы/карт шоттардың құрылымында байқалады – 17.6% (2020 ж. 1-тоқ. 25.8%) және жинақ салымдарында – 10.7% (2020 ж. 1-тоқ. 28.5%) (14-сурет).

Шоттар бойынша шетел валютасындағы шоттардың үлесі 7.9% құрайды. Соның ішінде ірі сегмент бойынша – 55.9%; орта сегмент – 34.5% және бұқаралық сегмент – 7.8%.


Осылайша, тұтастай алғанда, 2021 жылдың басынан бастап депозиттердің едәуір өсуіне қарамастан, долларлану деңгейі төмендеу бойынша кейінгі ұстамды динамикасын көрсетуде, бұл халықтың көп бөлігі арасында девальвациялық күтулердің салыстырмалы түрде әлсіздігін және теңгелік депозиттік өнімдердің пайдалану мен сақтаудағы тартымдылығын көрсетеді. Кейіннен инфляцияның өсуі аясында айырбас бағамының айтарлықтай ауытқуы және жалпы экономикалық жағдайдың нашарлауы ақшаны валютаға күрт айырбастауға нақты түрткі бола алады.

Сыйақы мөлшерлемесі


2021 жылдың бірінші тоқсанында ҚРҰБ ақша-кредит шарттары 2020 жылдың соңындағы деңгейде қалды. Сонымен, қаңтар-сәуір айлары аралығында ҚРҰБ пайыздық дәлізді +/-1.0 п.т. сақтай отырып, базалық мөлшерлемені 9.0% деңгейінде қалдырды. Базалық мөлшерлемені 9.0% деңгейінде белгілеу туралы алғашқы шешім 2020 жылғы қыркүйекте әлемдік эпидемиологиялық жағдай аясында мұнай нарығындағы жағдайды, жоғары инфляциялық күтулерді және экономикалық дамуға қатысты жалғасқан белгісіздікті ескере отырып қабылданды. Кейінірек бұл жағдайлар инфляцияның төмендеуі аясында сақталды, оның деңгейінің қарқыны бәсеңдеп 2021 жылдың алғашқы екі айында 7.4%-дан, 01.04.2021 ж. жағдай бойынша 7.0%-ға дейін төмендеді.

ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі 2021 жылдың 1-тоқсанында өзгеріссіз қалғанын ескере отырып, 24 айға дейінгі жинақ салымдарын қоспағанда, ең жоғары ұсынылған пайыздық мөлшерлемелер қайта қаралмады, оның деңгейі 2021 жылдың басындағы 13.2%-дан 12.6%-ға дейін төмендеді.


13-сурет. Сегменттердегі долларлану



14-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



15-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



Осылайша, ақша нарығында біршама тұрақтылыққа қол жеткізу және нарыққа қатысушылардың азды-көпті тұрақты инфляциялық күтулерін қалыптастыру салдарынан 2021 жылғы 1-тоқсанда депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері бойынша айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.


Сонымен қатар, 6 ай және 12 ай мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер 2021 жылдың 1-тоқсанының соңында шамалы оң динамиканы көрсетті (сәйкесінше +0.2 п.т. және + 0.1 п.т.) (16-сурет). Осылайша, 6 ай мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер 01.04.2021 жылғы жағдай бойынша 9.3% құрады (жыл басында 9.1%), 12 ай мерзімді салымдар бойынша – 10.4% (жыл басында 10.3%). Бұл нарықтың мерзімді депозиттерге қызығушылықты арттыруға деген ұмтылысын көрсетуі мүмкін (спрэдті³ ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемелер шегінде азайту арқылы).

Бұған қоса, депозиттер нарығына банктердің қызығушылығының артуы әлі де ұзақ мерзімді депозиттерге байланысты болып отыр (17-сурет). Осылайша, 2021 жылдың 1-тоқсанында мерзімі 12 айға дейінгі және 24 айға дейінгі жинақ салымдары бойынша нарықтық мөлшерлемелердің шамалы төмендеуіне қарамастан (сәйкесінше -0.07 п.т. және -0.43 п.т.), олардың деңгейі ұсынылған депозиттік өнімдер ішіндегі ең жоғары болып қала беруде. Бұл депозиттерді банктер, мерзімінен бұрын алуға шектеу болғандықтан мобильділіктің төмен болуына байланысты, тұрақты қаржыландырудың негізгі көзі позициясынан қарастыратыны анық.


2021 жылдың 1-тоқсанының аяғында инфляция деңгейінің төмендеуі нақты пайыздық мөлшерлеме көрсеткішінде көрінді (нарықтық мөлшерлеме - инфляция). Жылдың басымен салыстырғанда 0.4 п.т. өскен 12 айға дейінгі мерзімді депозиттер бойынша нақты мөлшерлемелер ең айқын жауап көрсетті (18-сурет). Инфляция деңгейінің төмендеуі жинақ салымдарының нақты мөлшерлемелеріне де оң әсер етті. 2020 жыл бойы жоспарлы төмендеу болғаннан кейін, 2021 жылдың бірінші тоқсанының соңында нақты мөлшерлеме жыл басындағы 5.8%-бен салыстырғанда 6.3%-ды құрады (2020 ж. басында 8.3%; 2020 ж. 1-тоқ. 7.5%).

Ақша-кредит саясатының жеңілдетілуін ескере отырып, болашақта мөлшерлеме қозғалысының ең ықтимал бағыты туралы баяу біртіндеп өсу және спрэд индикаторының төмендеуі туралы айтуға болады.

16-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



17-сурет. Жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



18-сурет. Инфляция деңгейіне түзетілген депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



³ Қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі үшін ұсынылатын ең жоғары мөлшерлеме арасындағы айырмашылық